

Құқық қорғау органдарының арнаулы шоты туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 тамыз N 1192. Атауына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.11.22. N 1434 қаулысымен. ~P961434 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.02.24. N 132 қаулысымен. ~P980132

"Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2127 K952127_ қаулысының 5-тармағын орындау үшін, құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және олардың қызметін ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді: <*>

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша құқық қорғау органдарының арнаулы шотын ашатын болсын. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізіді - ҚРҰ-нің 1996.11.22.

N 1434 қаулысымен. P961434_

2. Шотты қаражатпен қаржыландыру көздерін айқындасын:

мемлекетке келтірілген зиянды өтеу сомасынан, соттың үкімі бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті, сондай-ақ соттың шешімі бойынша қылмыскерлерден тәркіленіп алынған барлық көлік құралдары, ұйымдастыру техникалары және байланыс құралдарын сатудан түскен қаражаттан 50 процент мөлшерінде аударым; <*>

<*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.11.22.

N 1434 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша, бір ай мерзімде, нығайту үшін аталған арнаулы шоттың қаражаты берілетін Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының тізбесін айқындасын. <*>

Ескерту. Жаңа 3-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.22.

N 1434 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі,

Қаржы министрлігі бір ай мерзімде Арнаулы шот қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеп, бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті арнаулы

шотқа түскен ақша қаражатының жұмсалуына бақылауды қамтамасыз етсін.

<*>

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 наурыздағы "Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" N 684 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 шілдедегі N 597 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 28, 424-бап) 10-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі